

Қаракемер мектеп- балабақшасының 2022-2023 оқу жылында

3- сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.

2022-2023 оқу жылын 3- сынып 11 окушымен бастады. 4 –ші тоқсанның соңында Жасұланқызы Қарақат отбасы жағдайына байланысты қоныс аударып, басқа мектепке ауысты. 3- сыныпта 4 ер бала, 6 қыз бала бар.

Көп балалы отбасыдан шықкан балалар: Бауыржанқызы Нұрай, Бекзатұлы Ердәulet, Жолдасғали Кәусар, Серікбаев Алтынбек, Серікқалиқызы Гүлназ, Мұханбетқалиева Ақбота.

Ең алдымен сыныптың жаңа оқу жылына дайындығы тексерілді. Окушылардың мектепке дайындықтары жөнінде ата-аналармен байланыс жасалды. Алғашқы 1-қыркүйек білім күніне байланысты «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары бекітілді. Сынып сағаттары әр түрі форматта өткізіліп отырды. Сынып окушыларының ата-аналары үнемі мектеппен байланыста болып, әр түрлі іс-шараларға, жиналыштарға катысып отырды. Түрлі тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. Атап айтқанда, «Ана тілім -ардағым», «Ата-әжемнің ақылы», «Салауатты өмір - көтеріңкі көңіл», «Дені сау ұрпак- ұлт болашағы» тағы да көптеген маңызды тақырыптарда тәрбие сағаттары өтті. Сонымен катар, ұлдармен жұмыс, қыздармен жұмыс жоспары жасалып, түрлі шаралар үйимдастырылды.

Тәрбие жұмысының негізі- оқу үдерісіне барлық катысушылардың бірлескен шығармашылық қызметі. Осы орайда окушылардың бос уақыттарын тиімді үйимдастыру мақсатында мектеп үйірмелері жоспарға сай уақытылы жұмыс жасап отырды. Балалар үйірмелерге белсенді катынасып жүрді. Тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша сынып сағаттары өз уақытында өткізілді. Және де косымша бағдарламалармен де сынып сағаттарында айтылды. Жолда журу ережелері , өмір қауіпсіздігі, зиянды заттардан корғану бойынша тәрбие сағаттары өтті.

Келесі оқу жылына арналған шешімдер:

- Жаңа оқу жылында ата-аналармен бірлескен жұмысты ода әрі жандандырып, күшейтіп, ата-аналар жиналышына 100 пайыз катынасуды қамтамасыз ету;
- Окушылардың мектеп формасын сактауын әлі де талап ету, сабакқа қатысымдарын қадағалау, ата-аналарымен тығыз байланыста болу.

Сынып жетешісі: Амантаева Ардак Несипбаевна